

**ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№1 хаттамасы**

29.08.2025 ж

Қатысқандар: толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Малдыбаева Д.

Арипбекова Г.У.

Тақырыбы: : *«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»*

Өтілу түрі: отырыс

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын бекіту).

Малдыбаева Д.-бөбекжай-
балабақша меңгерушісі

2. Жазғы сауықтыру кезеңінің есебін беру.

Мусаева А. -бөбекжай-балабақша
әдіскері

3. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.

Мусаева А. -бөбекжай-балабақша
әдіскері

4.Көрме: “Жаңа ертегілер мен ойындар”

Бөбекжай-балабақша педагогтері

Ағымдағы мәселелер:

-2025-2026 оқу жылында №32 бұйрық Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары таныстыру және “Ұстаз платформасына” портфолионы жүктеу бойынша кеңестер беру.

-Әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, аттестаттау, сараптау кеңес, шығармашылық топ құрамын бекіту;

I. ТЫНДАЛДЫ: 2025 -2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын бекіту)

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай -бақшаның меңгерушісі Малдыбаева Д. педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылында шығармашыл ізденістер, табысты оқу жылы болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына бөбекжай-балабақша меңгерушісі Малдыбаева Д.ны, құрамы тәрбиеші-педагогтерді, хатшы етіп тәрбиеші Арипбекова Г.У.ны сайлауды ұсынды. бөбекжай -бақша меңгерушісі Малдыбаева Д. жылдық жоспармен және ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты мен міндеті балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адалдықты, шынайылықты, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, ересек топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша ересек топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың

сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар; әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Әрі қарай 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын таныстыру) таныстырып, бірауыздан мақұлдап бекітуге ұсынды.

Қаулы етті: 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын бекітілсін.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңінің есебін беру.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшаның әдіскері Мусаева А. жазғы сауықтыру мезгілінде бекітілген жоспарға сай іс-шаралар өткізілді. Атап айтатын болсақ, «Бақытты балалық шақ» балаларды қорғау күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді. Топтар арасында «Ертегілер елінде» сахналық қойылым болып өтті. «Сүйікті қалам–Астана» атты мерекелік іс-шара атап өтілді. Сондай-ақ, топтар арасында “Конституция күні” тақырыбында ҰІӨ өтті. Топтар арасында әуенді-ырғақты қимылды ойындар ойнатылды. Топтар арасында “Бағдаршам күні” болып өтті, балаларға көшедегі қауіпсіздік ережелері таныстырылды. Сонымен қатар, «Менің отбасым» тақырыбында топтар арасында эстафеталық ойын-сауық болып өтті. Топтар арасында «Ойын ойды өсіреді» атты ойын-сауық өтті. «Жаздың соңғы күндері» атты мерекелік іс-шараға барлық топтар белсене қатысып, жақсы көңіл-күй сыйлады. Маусым, шілде, тамыз айларында жоспарға сай күн сайын таңғы жаттығу, ойын-сауықтар,

мерекелік іс-шаралар, эстафеталар, сурет салу көрмелері, асфальтқа сурет салу сияқты жоспарланған жазғы сауықтыру шаралары өз уақытында өтілді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру кезеңінің есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

III. ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Мусаева А. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Ондағы негізгі бағыттарды атап айтты:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу;
- қауіпсіздікті қамтамсыз ету;
- МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер);
- ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын құру басты назарда болуы тиіс.

“Адал азамат” «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жылдық жоспарға, перспектива мен циклограммаға енгізе отырып, “Адалдық әліппесі” мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағын пайдалану керектігін айтты. «Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебін» жандандыру керектігі және де баланың бойына ұлттық құндылықтарды, адалдық пен шынайылықты сіңіру керектігі айтылды. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

I . «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік

- бағдарламаларды әзірлеу
 - Педагогтардың балабақша шеңберінде іс-шаралар барысында құндылықтарды қалыптастыру.
- Тәрбие процесіне тәрбиеленушілердің ата-аналарын тарту.

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
 Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
 Қаңтар – заң және тәртіп айы;
 Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
 Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Қаулы етті: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат пен “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы тәрбиелеу мен оқыту процесінде жүзеге асырылсын.

IV. ТЫҢДАЛДЫ: Көрме: “Жаңа ертегілер мен ойындар”

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшаның педагогтері жаңа оқу жылына арналған жаңа ертегілер мен дидактикалық, қимылды ойындармен таныстырды.

Педагогтердің әзірлеген ойындары балалардың әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі, салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады, тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды, отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер береді. Педагогтердің дайындаған ойындары баланың жас ерекшелігіне сай таңдалған.

Қаулы етті: Көрме: “Жаңа ертегілер мен ойындар” жалғасын тапсын.

V.ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылында №32 бұйрық Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары таныстыру және “Ұстаз платформасына” портфолионы жүктеу бойынша кеңестер беру.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшаның әдіскері Мусаева А. ПББ аттестатталушының осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде аттестатталушының қашықтықтағы форматта берілетін өтінішіне сәйкес жүргізіледі. ПББ келесі тапсырмалардан тұрады: мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері үшін: «Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология» – елу тапсырма. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 12-қосымшасына сәйкес педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы арқылы бағалайды. Сондықтан, портфолионы “Ұстаз” платформасына жүктеген кезде осы қосымшаны негізге алу керектігін айтты және презентациямен таныстырды.

Қаулы етті: 2025-2026 оқу жылында №32 бұйрық Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары және “Ұстаз платформасына” портфолионы жүктеу бойынша кеңестер беру жалғасын тапсын, аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі бекітілсін.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, аттестаттау, сараптау кеңес, шығармашылық топ құрамын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: баланың білім-білік дағдыларын жас ерекшелігіне сай игеріп шығуы үшін апталық циклограмманы тиімді жоспарлаған жөн. Әр педагог шығармашылық ізденісте жүріп, кәсіби дамуы керек, тіпті, портфолио жинақтау үшін де әр педагогтың шығармашылық жетістігі қажет. Педагог өзінің кәсіби өсуі үшін, заманауи педагог болуы үшін көп ізденуге тиіс. Таңдалған шығармашылық тақырыптар бойынша деректерді жинақтап, жобалар әзірлеп, өз тәжірибелерін қала, облыс, республика көлемінде тарату қажет. Сол себепті, әдістемелік көмек көрсете алатын кеңес құрылады, бөбекжай -бақша меңгерушісі Малдыбаева

Д. 2025-2026 оқу жылында әдістемелік кеңес мүшелерін төмендегі құрам бойынша құруды ұсынды:

- 1) Әдістемелік кеңесінің төрағасы- бөбекжай-балабақша меңгеруші Малдыбаева Д.;
- 2) Мусаева А. -әдіскер;
- 3) Дүйсенова Қ.Е. -тәрбиеші;
- 4) Арипбекова Г.У.- тәрбиеші.

Хатшы: Арипбекова Г.У. -тәрбиеші, педагог қызметкерлер ұсынылған әдістемелік кеңес мүшелерін бірауыздан мақұлдады.

Сараптамалық топ – педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалайды. Сондықтан, бөбекжай -бақша ішінен сараптама комиссиясының құрамын тағайындау керек, деп кандидаттарды атап өтті.

- 1) Мусаева А. - әдіскер;
- 2) Истаева А.А.- тәрбиеші
- 3) Халикова А.А. -тәрбиеші;
- 4) Меңлібекова Ж.О.-тәрбиеші.

Хатшысы: Меңлібекова Ж.О. – тәрбиеші, бірауыздан ұжым тарапынан келісілді.

Бөбекжай-балабақшаның аттестаттау комиссиясы мынадай құрамда құрылсын:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы - бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі- Малдыбаева Д..

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: бөбекжай-балабақшаның тәрбиешісі - Меңлібекова Ж.О.;

бөбекжай-балабақшаның тәрбиешісі-Калыбаева А.Б.;

бөбекжай-балабақшаның тәрбиешісі- Арипбекова Г.У.,

бөбекжай-балабақшаның тәрбиешісі- Дүйсенова Қ.Е.;

Қаулы етті: бөбекжай-балабақшаның әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, аттестаттау, сараптау кеңес, шығармашылық топ құрамын құрамы бекітілсін, жаңа оқу жылында нәтижелі жұмыс көрсетсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын бекітілсін.

Мерзімі: ағымдағы оқу жылына

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат пен “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы тәрбиелеу мен оқыту процесінде жүзеге асырылсын

Мерзімі: ағымдағы оқу жылына.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

3. 2025-2026 оқу жылында №32 бұйрық Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары және “Ұстаз платформасына” портфолионы жүктеу бойынша кеңестер беру жалғасын тапсын, аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі бекітілсін.

Мерзімі: ағымдағы оқу жылына.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

4. Бөбекжай-балабақшаның әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, аттестаттау, сараптау кеңес, шығармашылық топ құрамын құрамы бекітілсін, жаңа оқу жылында нәтижелі жұмыс көрсетсін.

Мерзімі: ағымдағы оқу жылына

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, педагогтер.

Педкеңес төрағасы:

Педкеңес хатшысы:



Малдыбаева Д.

Арипбекова Г.У.

	№ 2 Педагогикалық кеңес		
1	« Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шығармашылық есеп беру)	қазан	Тәрбиеші: Меңлібекова Ж.О.
2	«Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)		Тәрбиеші: Калыбаева А.Б.
3	Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»		Тәрбиеші: Истаева А.А.

**ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№2 хаттамасы**

30.10.2025 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Малдыбаева Д.

Арипбекова Г.У.

Тақырыбы: Біздің балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі

Күн тәртібінде:

«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шығармашылық есеп беру)

Меңлібекова Ж.О.-
тәрбиеші

«Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)

Калыбаева А.Б.-тәрбиеші

Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»

Истаева А.А.-тәрбиеші

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Малдыбаева Д. өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде, педагогтер кезекпен 2025-2026 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өту керек. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, бөбекжай-балабақшаның күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай- бақша тәрбиешісі Меңлібекова Ж.О. сөз алды. Дене тәрбиесі балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды көздейді. Балалардың моторикасы мен дағдыларын уақтылы қалыптастыру, физикалық қасиеттерін дамыту (ептілік, жылдамдық, икемділік, күштің төзімділігі және т.б., мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді тәрбиелеу, физикалық және ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту, сонымен қатар моральдық қасиеттерді, ерікті мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дене тәрбиесі мәселелерін сәтті шешудің шарттарының бірі-күн ішінде белсенді қозғалыс белсенділігі. бұл жұмыстың барлық түрлерін кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді: дене шынықтыру, таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуттары, қимылды және спорттық ойындар, серуендеу, жеке жұмыс, балалардың өзіндік моторикасы, дене шынықтыру және мерекелер. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеттері балаларды дене тәрбиесімен жүйелі түрде оқытудың негізгі түрі болып табылады.

Баланың өмірінің бесінші-алтынша жылдарында оның қимылдары үйлестіріліп, дәлірек болады. Ұжымдық іс-әрекет процесінде балаларда өзара бақылауды өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары қалыптасады. Осы жастағы балалардағы дене тәрбиесі бойынша барлық жұмысты осылай ұйымдастыру керек. Оған дене тәрбиесімен айналысуға, еркіндікті дамытуға, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында барлық қимылдарды орындауға, сондай-ақ таңертеңгі гимнастика мен ашық ойындарға деген қажеттілікті арттыру қажет. Барлық ерекшеліктерді зерттегеннен кейін мен мұның бәрін балалармен дене тәрбиесі бойынша жұмысыма енгізуді шештім, онда мен ортаңғы топтан бастап дайындық тобына дейін үш жылға жоспарлап алдым деп, балалармен жүргізген жұмыстары бойынша айтып өтті.

Қаулы етті: Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша жүргізілген

ТЫҢДАЛДЫ: «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ:. Бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Калыбаева А.Б. денсаулық – ағзаның жаратылыс жағдайы, адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі.

Баланың денсаулығын, яғни оның организмнің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Күн тәртібіндегі денсаулық сақтау жағынан маңызды бір шара – ұйқыдан кейінгі шынықтыру кезеңі болып табылады. Баланың денсаулығын нығайту үшін, оның жас ерекшелігінің физиологиялық даму кезеңдерін және оның денсаулығын жақсарту мен қуаттайтын қажетті шараларды анық білу қажет.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі мақсаты – баланың көңіл-күйін және бұлшықет тонусын қарама-қарсы ауа ванналары және физикалық жаттығулар көмегімен көтеру.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы міндеттері:

- Балалардың сымбатын сақтауға мүмкіндік жасайтын, табаны мен омыртқа қисаюын түзейтін өмірге қажетті қимыл дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру.
- Үйлесімді, пропорционалды дене дамуына жағдай жасап, әдемі сымбатылық, кербезділікті қалыптастыру.
- Баланың қимыл қабілетін, ырғақтылығын, ұстамдылығын, саналалаған дұрыс сымбатын сақтау арқылы дамыту.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулар мына бөлімдерден тұрады:

1. Төсектегі жаттығулар немесе өз-өзіне массаж
2. Сымбаттың және жалпақтабандылықтың бұзылуының алдын-алушы жаттығулар
3. Тыныс алу жаттығулары
4. Жеке тапсырмалар
5. Су процедуралары

Балалар ұйықтап жатқанда педагог «салқын» бөлме дайындайды. Ол бөлме ойын бөлмесі болса да болады. Бөлменің температурасы желдетудің көмегімен ұйықтаған бөлменің температурасынан 3-5 С°ға төмендетіледі. Ояту жай, байсалды музыканың дауысының біртіндеп үдеуінің көмегімен жүргізіледі. Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы ұзақтығы кіші топтарда 7-10 минут, ересек топтарда -10-15 минутты құрайды.

Қаулы етті: Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері материалдармен толықтыру.

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша тәрбиеші сөз алды. Барлық мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер ретінде мен біздің жұмысымызда әртүрлі проблемалардың қаншалықты көп екенін білемін, бірақ бір сұрақ мені үнемі мазалайды: «Неліктен кейбір балалар бәрі түсінікті және қарапайым болған кезде ақпаратты нашар қабылдайды және есте сақтайды. Қарапайым әдісті пайдалана отырып бақылағанымда, кейбір балалар мәліметті тез қабылдайды, кейбірі баяу қабылдайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау барысында мен мәтіндер, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер болсын, ақпаратты ұзақ және оңай есте сақтау және көбейту үшін олар қабылдаған әр сөзді мазмұнмен толтыру керек екенін түсіндім. Олар үшін белгілі бір визуалды, дыбыстық суреттермен және күшті сезімдермен байланысты нәрсе болу керектігін байқадым. Бұл ретте біз үшін ЛФК әдісі тиімді болды, деп педагогтер өз тәжірибесімен бөлісті.

Қаулы етті: Педагогтердің ЛФК әдісін қолдану бойынша өткізген тәжірибесі

қанағаттанарлық

ТЫҢДАЛДЫ. Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы».

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Истаева А.А. сөз алды.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алауан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Осындай кешенді іс-шаралар жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады. Баланы тәрбиелеу және оқыту этаптарындағы денсаулығын нығайту және сақтауды қалыптастыруға бағытталған бар білім білік дағдыларымен өзара байланысты және өзара әрекеттестіруді ұйымдастыруды ұсынды. Тәрбиеші Истаева А.А. денсаулық сақтау технологияларын таңдап алу ең әуелі МДМ-нің түріне, ондағы балалардың болу мерзіміне, педагогтардың жұмыс істейтін бағдарламасына, педагогтың кәсіби құзіреттілігіне және баланың денсаулығының көрсеткішіне байланысты болатынын атап өтті.

Заманауи МДМ-дегі жаңа технологияларды қарастырып ұйымдастыруды айтып өтті

1. Денсаулық сақтау және ынталандыру технологиясы
2. Салауатты өмір салтын сақтауға үйрету технологиясы

3. Түзету (коррекциялық) технологиялар

Дене тәрбиесінің әртүрлі вариаттарын қолдануды ұсынды

- Дәстүрлі сұлба бойынша іс әрекет
- Сабақ, өсімталдығы үлкен, орташа және баяу қимылды ойындар жиынтығынан құралған
- Негізгі қимыл түрлерін үрететін әрекеттер
- Ырғақты гимнастика
- Жарысу сабағы, балалар екі топқа бөлініп әртүрлі жарыс арқылы жеңімпаздарды айқындайды
- Сынақ-сабағы, балалар дене тәрбие мөлшерін тапсырады
- Мазмұнды-ойын немесе дәстүрден тыс әрекеттер

Денсаулық сақтау технологияларын осылай бөлу шартты емес, себебі олардың арасындағы шекаралар нақты көрінбейді.

Мысалы алсақ, түзету технологиясы коммуникативтік ойындардан басталып, релаксациямен аяқталуы мүмкін. Ал ертегі баланың ерте сәбилік шағынан бастап сүйемелдесе, классикалық музыка баланың құрасу ішіндегі кезінен қабылданады.

Қаулы етті: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» жобасын іске асыру жұмыстары жалғастырылсын

ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақша меңгерушісі Малдыбаева Д. алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, ата-аналармен көрмелер ұйымдастыру, педагогтардың аудандық, облыстық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1.« Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шығармашылық есеп беру) басшылыққа алынсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

2.«Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» жұмыс жүргізуді жандандыру. (өз тәжірибесімен бөлісу)

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

3.Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» әдісін тәрбиелеу барысында қолдану

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: дене шынықтыру нұсқаушылары

Педкеңес төрағасы:

Малдыбаева Д.

Педкеңес хатшысы:

Арипбекова Г.У.



№ 3 Педагогикалық кеңес Зерделеу жұмысының қорытындысы <i>«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)</i> «Әдеби ертегі» ойын-викторинасы	желтоқсан	Әдіскер: Мусаева А. Тәрбиеші: Истаева А.А. Тәрбиеші: Халикова А.А.
--	------------------	---

**ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№3 хаттамасы**

20.12.2025 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Хатшы:



Малдыбаева Д.
Арипбекова Г.У.

Күн тәртібінде:

Зерделеу жұмысының қорытындысы

Мусаева А. - әдіскер

«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып,
әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын
қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)

Истаева А.А.-тәрбиеші

«Әдеби ертегі» ойын-викторинасы

Халикова А.А.-тәрбиешілер.

Ағымдағы мәселелер, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының
кестесін бекіту.

Меңгеруші: Малдыбаева Д.

ТЫҢДАЛДЫ: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Малдыбаева Д. өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, бөбекжай күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: Зерделеу жұмысының қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай- бақша әдіскер Мусаева А. сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың

мазмұны мен әдістері зейінін, есте сақтауын, шығармашылық қиялын дамытуға, салыстыру, заттардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп көрсету, оларды белгілі бір критерий бойынша жалпылау, табылған шешімнен қанағаттану қабілеттерін дамытуға бағытталған. Баланың өзі заттармен әрекет еткенде, ол қоршаған әлемді жақсы түсінеді, сондықтан балалармен жұмыс істеуде практикалық оқыту әдістеріне: эксперименттерге, жобаларға, эксперименттерге басымдық берілуі керек.

Жобаны жүзеге асыру барысында ата-ана мен бала қарым-қатынасы да дамыды. Жобалау-зерттеу жұмыстары ата-аналардың балалармен ынтымақтастығына белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Балалар үйде тәжірибелер, ата-аналарымен тәжірибелер жүргізе бастады, бұрыннан таныс жағдайларда жаңа нәрселерді аша отырып, әртүрлі идеяларды алға тарта бастады. «Көгершін» ортаңғы тобында Тәжірибе, эксперимент, зерттеу, бақылауды қамтитын әрекеттерге балалардың қызығушылығын арттыру.

Ортаңғы топтарда балалардың белгілі бір объектілермен зерттеуге және эксперимент жасауға қызығушылықтарын, нені білгісі келетінін, нені зерттеу керектігін анықтап, жоспарларын жүзеге асыруға көмектесу үшін алдын ала тестілеу.

Зерттеу іс-әрекеті процесінде баланы сұрақ қоюға және зерттеу жұмысының жоспарын құруға, сызбаларды, сызбаларды, белгілерді жасауға үйрету.

Баланы бақылауға, өзгерістерді байқауға, нәтижелерді салыстыруға, салыстыруға, талдауға, қорытынды жасауға және жалпылауға үйрету.

Белсенді зерттеушілер – балаларды ынталандыру және ынталандыру әдістерін әзірлеу.

Ата-аналарды балаларға арналған ғылыми жобаларға тарту. Үйде эксперимент жүргізу үшін жағдай жасау бойынша кеңес беру.

Ересек топтарында зерттеу (эксперимент) жұмыстарын ұйымдастыруда педагог нені ескеруі керек? Бала шығармашылығын сынауға болмайды. Баланың зерттеуін төмен бағалауға болмайды. Баланың әрбір іс әрекетіне қызығушылық тудыру. Іс әрекет кезінде кезінде бала өз қателігін көре білуге талпынады. Баланы өзін өзі бағалай білуге тәрбиелеу. Зерттеу кезінде тапсырманы аяғына дейін орындауға тәрбиелеу. Зерттеу жұмысын баланың қызығушылығы аяқталғанға дейін қорытындылауымыз қажет.

Қаулы етті: Зерделеу жұмысының

қорытындысы жоспар бойынша жүргізілген

ТЫҢДАЛДЫ: « Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ:. Бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Истаева А.А.
бөбекжай-балабақшадағы тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялармен таныстырып өтті:

- проект әдісі (жоба)
- рольдік ойындар
- критикалық ойлау технологиясы
- «Мозайка» сабақтары
- Проблемалық оқыту әдісі
- «Миға шабуыл» әдісі
- Эвристикалық әңгіме әдісі
- Бинарлы сабақ
- Экскурсия сабағы
- Қашықтықтан оқыту технологиясы
- Ынтымақтастық технологиясы
- Дөңгелек үстел
- Саяхат сабақтары
- дамыта отырып оқыту әдістемесі
- оза отырып оқыту
- тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту
- деңгейлеп оқыту технологиясы
- тесттік жүйемен оқыту
- иммитациялық әдіс
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- дискуссия сабақтары
- интеграциялық сабақ
- топпен жұмыс

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, жас тобының мақсаттары мен міндеттерін, сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс бағыттарын, сөйлеуді дамыту міндеттерін әртүрлі білім беру салаларына біріктіру әдістерін біле бермейді. Сондай-ақ, бастаушы мұғалімдер өз тобының балаларының сөйлеуінің жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әдістер мен әдістерді таңдауда қиындықтарға тап болады, әр түрлі режимде балалармен жеке жұмысты ұйымдастыруда қиындықтар туындайды. Балалардың сөйлеуін дамыту үшін топтардың дұрыс ұйымдастырылған пәндік-даму

ортасы маңызды. Әр түрлі даму материалы барлық топтарда бар. Сөйлеудің дамуына тақырыптық көрмелері бар барлық топтардағы Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып кітап бұрыштары, театрдың әртүрлі түрлері, рөлдік ойындарда балалардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға болатын ойын бұрыштары, табиғат бұрыштары және т.б. балалар бақылаулар, бақыланатын объектілер мен құбылыстарды сипаттау үшін қажетті жаңа сөздермен лексиканы байыта отырып, сөйлесе алады. Топтарда тәрбиешілер балаларға оқуға арналған өлеңдер, әдеби шығармалар жинағын жинады. Балаларға қол жетімді дидактикалық және үстел үсті ойындары бар.

Қаулы етті: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу) қанағаттанарлық

ТЫҢДАЛДЫ. «Әдеби ертегі» ойын-викторина

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Халикова А.А. сөз алды. Балаларға арналған әдеби викторинаны ойын түрінде өткізуге болады, бұл балалардың қызығушылығын арттырады. Сіз барлық тапсырмаларды бір тақырыппен біріктіре аласыз, мысалы, ертегі. Негізгі мақсаттардың қатарына мыналар жатады: балалардың оқуын белсендіру; өтілген тақырыптар бойынша білімдерін бекіту, тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру, балалар ертегілерінің авторлары мен кейіпкерлерінің есімдерін қайталау

Әдеби викторинаны топ аралық балалармен ұйымдастырады. Бұл өтілген тақырыптар бойынша алынған білімді бақылау түрі. Нәтиженің қаншалықты көңілді және сапалы болатыны педагогтің мұқият дайындығына байланысты. Әдеби викториналардың мақсаты оқуға деген қызығушылықты ояту. Әдеби викторинаны ойын түрінде өткізуге болады.

- Тәрбиелік - сабақта алған білімдерін тереңдету және бекіту. Олардың ой-өрісін кеңейту.
- Дамуда... Ол жас кезінде қажет болатын логикалық және қиялдық ойлауды дамытудан тұрады. Шығармашылық қабілетін қалыптастыру, қиялын белсендіру.

Қаулы етті: «Әдеби ертегі» ойын-викторина баланың жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылсын

ТЫҢДАЛДЫ. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының кестесін бекіту, меңгеруші Малдыбаева Д.

СӨЙЛЕДІ: Ағымдағы мәселелер бойынша бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі Малдыбаева Д. 2026 жылға арналған кезекті ақылы еңбек демалысының кестесімен ұжымдағы педагогтерді таныстырды. Педагогтер түзілген кестеге қарсылық білдірген жоқ.

Қаулы етті: 2026 жылға арналған ақылы еңбек демалысының кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Зерделеу жұмысының қорытындысы басшылыққа алынсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру өз жалғасын тапсын

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

«Әдеби ертегі» ойын-викторинасы топтарда балаалрмен жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырылсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: тәрбиешілер, тәрбиешілер

Педкеңес төрағасы:

Педкеңес хатшысы:



Малдыбаева Д.

Арипбекова Г.У.

**ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№4 хаттамасы**

27.02.2026 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Малдыбаева Д.
Арипбекова Г.У.

Күн тәртібінде:

«Ерте кәсіптік бағдар» (жобасы аясында өз тәжірибесімен бөлісу)
Тәрбиеші-

Калыбаева А.Б.

«Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-
әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру)
Тәрбиеші-

Халикова А.А.

Шебер-сынып: “Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін
дамыту”

Тәрбиеші-
Дүйсенова Қ.Е.

ТЫҢДАЛДЫ: «Ерте кәсіптік бағдар» жобасы аясында тәрбиеші
Калыбаева А.Б. сөз алды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші жобаның мақсатымен таныстырып өтті.
Жобаның мақсаты – балаларды еңбекке баулу, олардың бойында
еңбекқорлық, жауапкершілік және табандылық сияқты қасиеттерді
қалыптастыру. Сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
маңызды бағыттарының бірі — еңбек пен түрлі мамандық иелеріне
құрметпен қарауды үйрету. Бұл жобада баланы дамыту 7 түрлі
бағытта берілген. Олар:

«Зергер» ойыны

«Аспазшы» ойыны

«Құрылысшы» ойыны

«Тігінші» ойыны

«Инженер» ойыны

«Шебер қолдар» ойыны

«Жасыл ел» ойыны. Барлық берілген 7 бағыт бойынша әрекеттер ойын арқылы жүзеге асады. Ойын барысында балаға қауіпсіздік шараларын сақтау керектігі қатаң назарға алынатынын айтты. Сонымен қатар, «Ерте кәсіптік бағдар» жобасын жүзеге асыруда рөлдік ойындар, сурет салу, әңгімелесу, көрнекі-құралдар, ресурстар ұсыну, мамандық иелерімен кездесу сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады.

Қорыта келгенде, жоба аясында балалардың еңбекке деген қызығушылығы артады. Ұжымдық жұмыспен еңбек ету қабілеті дамиды, сондай ақ болашақ кәсіби бағдардың алғашқы қадамы жасалады деп, қорытындылады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Ерте кәсіптік бағдар» жобасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» тақырыбында тәрбиеші- Халикова А.А. шығармашылық есеп берді.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-балабақшаның тәрбиешісі Халикова А.А. сөз алды. Ол тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытатының міндеттерімен таныстырды

балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету әртүрлі балалар әрекетінде бір-бірімен сөйлесу жағдайына жасау;

әрбір баланың көлеміне мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;

дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік ерекшелігі балалардың 3 жастан бастап сұрақты көп қояды, қызығушылық арқылы үйренеді ойын барысында белсенді сөйлейді, еліктеу арқылы қарым-қатынасқа түсетінін айтты. Сондай-ақ, зерттеу әрекетінің тиімді тұстарын атап өтті:

- ✓ Баланың табиғи қызығушылығына негізделеді;
- ✓ Сөйлеу белсенділігін арттырады;
- ✓ Топта пікір алмасуға үйретеді;
- ✓ Өз ойын дәлелдеуге дағдыландырады.

Тәрбиеші коммуникативтік дағдыларды дамыту әдістерімен таныстырды:

1. Ойын арқылы зерттеу:

«Не өзгереді?»

«Қалай ойлайсың?»

«Неге бұлай болды?»

2. Шағын топтық жұмыс:

Бірлесіп тәжірибе жасау

Талқылау ұйымдастыру

3. Сюжеттік-рөлдік ойын:

«Дәрігер мен науқас»

«Зерттеуші мен тілші». Қорыта келгенде, зерттеу іс-әрекеті –

мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың ең тиімді жолдарының бірі деп сөзін қорытындылады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» тақырыбындағы шығармашылық есебі қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: “Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту” тақырыбындағы шебер-сынып.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Дүйсенова Қ.Е. артикуляциялық жаттығулардың маңызын түсіндіру, балалардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибе жүзінде көрсетті. Ол педагогтерге айна беру арқылы түрлі артикуляциялық жаттығулар жасатып, балалармен қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді үйретті. Баланың дұрыс сөйлеуі – оның ойлау, қарым-қатынас жасау және тұлғалық дамуының маңызды бөлігі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу аппараты толық қалыптасып үлгермегендіктен, балалар кейбір дыбыстарды дұрыс айта алмауы мүмкін. Сондықтан артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу мүшелерін (тіл, ерін, жақ, таңдай) дамытуға бағытталған тиімді тәсілдердің бірі екенін айтты. Сонымен қатар, жаттығуларды орындау ережелерімен таныстырды:

Жаттығуларды айна алдында орындау;

Күн сайын 3–5 минут қайталау;

Баланы қызықтыру үшін ойын түрінде өткізу;

Жаттығуларды баяу және анық көрсету;

Баланы міндетті түрде мадақтау.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: “Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту” тақырыбындағы шебер-сынып қанағаттанарлық.

Арипбекова Г.У.

...дағогтер
...тергасы:
...ының қорытындысы.

Қатысқандар толық педагогтер

ХАТШЫ:

Малдыбаева Д.
Арипбекова Г.У.

1.Бақылау жұмысының қорытындысы.

Әдіскер:

Мусаева А.

2.«Таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау» (шығармашылық есеп беру)

Тәрбиеші:

Дүйсенова Қ.Е.

3.Шебер сынып: «Балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастырудың тиімді тұстары»

Тәрбиеші:

Истаева А.А.

Консультациялық пункттің жұмыс есебі.

Тәрбиеші:

Арипбекова Г.У.

ТЫНДАЛДЫ: №4 педкөенестің шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақшаның меңгерушісі Малдыбаева Д. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша, тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту күнделікті режимдік сәттерде жүргізіліп жатқандығын айтты.

кеңес шешімінің **Қаулы етті:** Өткен педагогикалық орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: Бақылау жұмысының қорытындысы бойынша бөбекжай-бақшаның әдіскері Мұсаева А. сөз алды.

СӨЙЛЕДІ: Бақылау жұмысы 2026 жылғы 13-17 сәуір күндері аралығында өткізілді. Бақылаудың мақсаты – тәрбиеленушілердің мектепке дайындық деңгейін, білім, білік және дағдыларының қалыптасуын анықтау.

Бақылау нәтижесі бойынша мектепалды топтарында жалпы 25 бала бар. Олардың:

- Жоғары деңгей – 60% (15 бала)
- Орта деңгей – 36% (9 бала)
- Төмен деңгей – 4% (1 бала) көрсеткішті көрсетті.

Бақылау барысында балалардың 60% үлгілік оқу бағдарламасын жоғары деңгейде меңгергені анықталды. Тәрбиеленушілер тапсырмаларды өз бетінше орындап, сауат ашу, математика негіздері, тіл дамыту және логикалық ойлау дағдыларын өте жақсы меңгергенін көрсетті. Жекелеген балалармен қосымша түзету жұмыстарын жүргізу қажет екендігі айтылды.

Қорытынды:

«Абзал» мектепалды тобының тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы **жоғары деңгейде** деп бағаланды.

Ұсыныстар: Төмен деңгейдегі балалармен жеке жұмыстар жүргізілсін.

Қаулы етті: Зерделеу жұмысының қорытындысы

қанағаттанарлық деп танылсын.

ТЫҢДАЛДЫ: «Таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау» (шығармашылық есеп беру) Тәрбиеші: Дүйсенова Қ.Е. сөз алды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Дүйсенова Қ.Е. балабақшадағы таңғы жаттығу — балалардың денсаулығын нығайтып, күнді көтеріңкі көңіл күймен бастауына көмектесетін маңызды іс-әрекет. Таңғы жаттығу арқылы балалардың қимыл-қозғалысы дамып, сергектігі артады және тәртіпке үйренеді. Сондықтан таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау тәрбиеші жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.

Мақсаты:

- Балалардың денсаулығын нығайту
- Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру
- Дұрыс дене қалпын қалыптастыру
- Көңіл күйін көтеру
- Ұжыммен бірге әрекет етуге тәрбиелеу

Міндеттері:

- Балалардың денесін шынықтыру
- Қарапайым жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету
- Тыныс алу жаттығуларын меңгерту
- Музыка арқылы қызығушылығын арттыру
- Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру

Таңғы жаттығуды ұйымдастыру жолдары:

1. Дайындық кезеңі

- Бөлмені желдету
- Қауіпсіз органы қамтамасыз ету
- Музыканы дайындау
- Балаларды шеңберге тұрғызу

2. Жаттығу құрылымы

а) Қыздыру бөлімі (2–3 минут)

- Жай жүру
- Қолды жоғары көтеру
- Бас пен иықты айналдыру

ә) Негізгі бөлім (5–7 минут)

- Отыру-тұру
- Орнында секіру
- Қол мен аяққа арналған жаттығулар
- Доппен немесе лентамен қимылдар

б) Тыныс алу жаттығулары (1–2 минут)

- Терең тыныс алу
- Қолды баяу көтеріп-түсіру
- Босаңсу қимылдары

Апталық жоспар үлгісімен таныстырды:

Күн	Жаттығу мазмұны
Дүйсенбі	Жалпы дамыту жаттығулары
Сейсенбі	Музыкалық қимылдар
Сәрсенбі	Доппен жаттығу
Бейсенбі	Секіру және жүгіру
Жұма	Қимылды ойын элементтері

Қолданылатын әдістермен таныстырды:

- Ойын әдісі
- Көрсету және түсіндіру
- Музыкалық сүйемелдеу
- Мадақтау әдісі

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың денсаулығы нығаяды
- Қозғалыс белсенділігі артады
- Жаттығуға қызығушылығы қалыптасады
- Ұйымшылдық пен тәртіп дамиды
- Көңіл күйі көтеріледі

Қорытынды

Балабақшадағы таңғы жаттығу — балалардың жан-жақты дамуына әсер ететін тиімді құрал. Жаттығуды дұрыс жоспарлау арқылы тәрбиеші балалардың денсаулығын сақтап, белсенді әрі қуанышты орта қалыптастыра алады. Таңғы жаттығуды күн сайын қызықты әрі жүйелі өткізу — жақсы нәтиженің кепілі екенін айтты.

Қаулы етті: тәрбиешілердің «Таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау» тақырыбындағы шығармашылық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастырудың тиімді тұстары» тақырыбында тәрбиеші Истаева А.А. шебер сынып өтті.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Истаева А.А. ұлттық тәрбие – ұлттың болмысын, салт-дәстүрін, тілін, мәдениеті мен рухани құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру үдерісі. Бүгінгі жаһандану заманында балаларға ұлттық тәрбие беру – маңызды міндеттердің бірі. Өйткені ұлттық тәрбиемен сусындаған бала өз елін, жерін, тілін құрметтейтін, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасады.

Ұлттық тәрбиенің тиімді тұстары ең алдымен баланың рухани дамуына әсер етеді. Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттері арқылы бала бойында ізгілік, мейірімділік, сыйластық қалыптасады. Мысалы, ата-ананы құрметтеу, қонақжайлық, бауырмалдық секілді құндылықтар баланың адамдық қасиетін арттырады.

Сонымен қатар ұлттық тәрбие баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятады. Тіл – ұлттың жаны. Бала бесік жырын тыңдап, ертегі мен мақал-мәтелдерді естіп өскенде, оның сөздік қоры молайып, ұлттық сана-сезімі дамиды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті баланың ойлау қабілетін, дүниетанымын кеңейтеді.

Ұлттық ойындардың да тәрбиелік мәні зор. Асық ату, тоғызқұмалақ, көкпар секілді ұлттық ойындар баланың ептілігін, тапқырлығын, шыдамдылығын дамытады. Бұл ойындар арқылы балалар достыққа, әділдікке, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді.

Тағы бір тиімді тұсы – ұлттық тәрбие баланың отансүйгіштік қасиетін қалыптастырады. Өз халқының тарихын, батырларын, мәдениетін таныған бала елін мақтан тұтады. Отанын қорғауға, туған жерін қадірлеуге үйренеді. Ол үшін түрлі ертегілер, аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер айту керек.

Қорытындылай келе, ұлттық тәрбие – ұрпақ болашағының негізі. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен бала рухани бай, тәрбиелі, білімді тұлға болып қалыптасады. Сондықтан ұлттық тәрбиені отбасыдан бастап, мектеппен ұштастыра отырып беру – баршамыздың ортақ міндетіміз, деп қорытынды жасады.

Қаулы етті: шебер сыныптар жалғасын тапсын.

ТЫҢДАЛДЫ: тәрбиеші Арипбекова Г.У. консультациялық пункттің жұмыс есебі.

СӨЙЛЕДІ: Консультациялық пункттің негізгі мақсаты – ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету және тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша кеңес беру болып табылады. 2025-2026 оқу жылында КП 5 бала қатысты. Олар 3-4-5 жастағы балалар.

Оқу жылының барысында консультациялық пункт жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізді. Жұмыс барысында ата-аналармен жеке және топтық кеңестер, сауалнамалар, әңгімелесулер, тренингтер мен іс-әрекеттер өткізілді.

Атқарылған жұмыстар:

- Ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері туралы кеңестер берілді;
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту, мінез-құлқын қалыптастыру, мектепке даярлау бағытында ұсыныстар жасалды;
- Тәрбиешілер мен мамандар тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді;
- Отбасындағы тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылды;
- Балалардың бейімделуі мен даму деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың нәтижесі:

Жыл қорытындысы бойынша ата-аналардың консультациялық пункт жұмысына қызығушылығы артты. Балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы жоғарылады. Ата-аналар мен мамандар арасында тығыз байланыс орнатылды.

Қаулы етті: КП жұмыс есебі қанағаттанарлық деп табылсын.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Бақылау жұмысының қорытындысы (есеп беру)

Мерзімі: Тұрақты

Жауаптылар: әдіскер

«Таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау» (шығармашылық есеп беру)

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: тәрбиешілер

«Балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастырудың тиімді тұстары»

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: тәрбиешілер

Консультациялық пункттің жұмыс есебі.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: педагогтер, психолог.

Педкеңес төрағасы:

Педкеңес хатшысы



Малдыбаева Д.

Арипбекова Г.У.